

**«Қарасу орта мектебі» КММ-сі бойынша
2022-2023 оқу жылындағы мектеп кітапханасы жұмысының
жылдық есебі**

2022-2023 оқу жылы жылы мектеп кітапханасы оқу- тәрбие жұмысының және кітапхана жоспарына сәйкес әрекет етті.

Кітапханаға келесі міндеттер жүктелді:

Оқушылардың өз Отанына деген құндылық көзқарасына негізделген және азамат пен патриоттың әлеуметтік рөлін орындауға дайындығын қалыптастыруға бағытталған белсенді азаматтық және ұстанымын қалыптастыру. Биылғы кітапхана жұмысын мектеп бағдарламаларына көмектесу әдебиеті мен методикасына назар аударды. Кітапхана қорымен жұмысы оқу жылы бойы жүргізіледі, қорға түскен кітаптар есепке алынды.

1 қыркүйекке дейін оқушылар толықтай оқулықтармен қамтамасыз етілді.

1 Қыркүйек – Білім күні «Мектебім-мейірім мекені» атты кітапханада көрме өтті. Қыркүйек айында Тілдер мерекесіне орай гуманитарлық бірлестік айлығында «Тіл - асыл қазына» атты айлық ашылуында тәрбиеленушілер тақпақтар айтты. Қазан айында Ұстаздар күніне орай балаларға тақтаптар жаттауға бердім. Республика күніне орай «Қазақстан – елім менің!» атты тәрбие сағатын өткіздім. Тәрбие сағатында балалар тақпақтар айтып Рәміздер туралы және де бас қаламыз Астананың әсем ғимараттарын слайд арқылы тамашалады. Республика күніне орай «Қазақстан – елім менің!» атты сынып оқушыларымен кітапханалық сабақ өткіздім. Каникул уақытында 4 қараша күні Ғабиден Мұстафиннің 120 жыл туғанына орай шығармаларынан 2-3 сынып оқушылары әңгімелерінен «Дауыстап оқу» оқушылардың техникалық оқуларын жақсы дағдыландыру мақсатында өткізілді.

Тәуелсіздігіміздің 31 жылдығына орай аудан бойынша «Білімді ұрпақ-Тәуелсіз елдің тірегі» тақырыбында «Үздік бейне оқу», «Үздік аудио оқу» сырттай онлайн байқауы өтті. Байқауға қатысушылар 4 сынып оқушылары арасында өткізілді. Кітапханаға Тәуелсіздігіміздің мерекесіне орай

«Тәуелсіздік тірегі » атты көрме жасақталды. Тәуелсіздік мерекесіне орай 6-8 сынып оқушыларымен Бауыржан Момышұлына арналған «Мәңгі ізің өшпейді» атты кітапханалық сабақ өткізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» атты повестері бойынша 7-9 сынып оқушылары арасында аудан бойынша онкүндік челлендж ұйымдастырылды. Біздің оқушыларда ат салысты. Челленджді Карелин орта мектебінен қабылдап

Көбдіков орта мектебіне жолдадық. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 17 ақпан күні Халықаралық дауыстап оқу күніне орай мектеп оқушылары арасында видеотанылым форматында іс-шара өткізілді.

Халықаралық әйелдер мерекесіне орай кітапханада «Ана-өмірдің гүлі» атты көрме ұйымдастырылды.

Қорғаныс күніне орай «Аман-есен жүрейік!» атты 3 сынып оқушылары арасында викториналық сайыс өткізілді. Сайыс барысында үй жағдайындағы қауіпсіздік жайлы түсініктеме берілді. Балаларға сұрақ- жауап ретінде үй жағдайындағы қауіпсіздік туралы сұрақтар қойылды. Өртүрлі жағдайға байланысты ойындар ойнатылды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 9 сынып оқушысы Адылхан Ұлжан мен 6 сынып оқушысы Мұратқан Ақбота көктемгі каникул кезінде Әлем әдебиеті жазушыларынан Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме» повестін оқыды.

17наурыз күні Жарма ауданының мектепке дейінгі ұйымдары мен жалпы білім беру мекемелерінің арасында кітап бұрышын ұйымдастыру бойынша «Балаларға базарлық» байқауына қатысып ІІ орын иелендік.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2-сәуір Халықаралық балалар кітабы күніне орай балалар жазушысы Ыбырай Алтынсаринның «Кел, балалар оқылық», «Асан мен Үсен», «Қыпшақ Сейтқұл», «Таза бұлақ» повестері бойынша 4 сынып оқушылары арасында аудан бойынша онкүндік челлендж ұйымдастырылды. Челленджді Карелин орта мектебінен қабылдап Көбдіков орта мектебіне жолдадық.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқу мен оқу белсенділігінің мәртебесін, оқу сапасын арттыру, балалар мәдени оқу құдіреттілігін дамыту мақсатында жоғары сынып оқушыларымен «Жерлес жазушылардың шығармалары бойынша электронды кітап көрмесі» және де «Буктрейлер» ұйымдастырып аудан бойынша электронды көрмеден ІІ орын иелендік.

25 сәуір күні балаларды кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқушылармен «Интернет орнына кітап» атты акция ұйымдастырылды.

Мектебімізде «Патриот» айлығының жоспарына сәйкес бастауыш сыныптары арасында «Ұрпақтар жадында мәңгілік» атты кітап көрмесі өткізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Үздік оқырман отбасы» атты аудандық байқауға Байсадыковтар отбасы қатысып отыр. 2022-2023 оқу жылына қойылған негізгі міндеттер орындалды. Кітапхана кітап пен оқуды насихаттау бойынша жұмыс жүргізді, оқырман активімен жұмыс

атқарды.Сонымен 2022-2023 оқу жылында алдыға қойған мақсат орындалды деп есептеймін.

Кітапханашы

Г.Токтабаева